



Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№33 (1875) Жұма, 22-тамыз 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДА

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономика және бюджетті жоспарлау мәселелері жөніндегі жиын өтті.

Іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Ұлттық экономиканың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы, сондай-ақ 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері туралы баяндамалар жасалды.

Талқылау барысында Мемлекет басшысы республикалық және жергілікті деңгейде қаржыны тиімді жоспарлау мен бөлудің маңызы зор екенін атап өтті.

Президент бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, барлық әлеуметтік міндеттемелер мен өңірлердің ұзақмерзімді жоспарларын қаржыландыруға, сонымен қатар қаражатты мақсатқа сай бөлуге және игеруге баса назар аудару қажет деп санайды.

www.akorda.kz



ЖОЛДАУ – ІС ЖҮЗІНДЕ

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт денсаулығын нығайтуға және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта жандандыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру міндетін қойды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында елімізде денсаулық сақтау саласын сапалы түрде жаңғыртуға бағытталған жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылуда. Бұл жұмыс әрбір азамат үшін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Басты мақсат – халықтың өмір сүру жасын ұзарта түсу. 2025 жылы 14 шілдеде міндетті медициналық сақтандыру мәселелері жөніндегі жаңа Заңға қол қойылуы маңызды қадамдардың бірі болды.

«Мемлекетіміздің ерекше басымдықтарының бірі – халықтың денсаулығын қорғау. Біздің мақсатымыз 2029 жылға қарай халықтың орташа өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу. Жалпы бұл мақсат қолжетімді. Жыл сайынғы динамикада халықтың денсаулығының оң көрсеткіштері байқалады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша халықтың орташа күтілетін өмір сүру ұзақтығы алғаш рет 75 жасстан асты. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы арқасында халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік туып отыр», – деп атап өтті денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

**ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ СКРИНИНГТЕР
МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК
БЕРЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР
ПАКЕТІНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

МӘМС жүйесі енгізілгеннен бері денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі үш есеге артты. Бұл халықтың

ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ САЛАСЫН
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын және басқа да тапсырмаларын жүзеге асыру

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШ:



Қаржыландырудың

ҮШ ЕСЕ АРТТЫ

(міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгеннен бері)

Табысы жоғары жеке тұлғалардың
жарналары есебінен



+200 жылына
млрд т



2026 жылға қарай жаңа
міндетті медициналық
сақтандырумен қамту

**> 1 МЛН
АДАМ**



Ең қажетті дәрілік
заттар бағасының
күтілетін төмендеуі:

-30%

жоғары технологиялық және қымбат қызметтерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Енді барлық медициналық көмек нақты екі бөлікке бөлінеді: ел тұрғындарының барлығына мемлекет толық кепілдік беретін базалық пакет және сақтандырылған азаматтарға арналған кеңейтілген сақтандыру пакеті.

«14 шілдеде тиісті Заңға қол қойылды. Осы Заң бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мен тегін медициналық көпөлдендірілген көмек көлемі пакеттерінің ара-жігі нақты бөлінетін болады. Сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға ең көп таралған және әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша скринингтер қолжетімді болады. Онкологиялық, жүрек қан тамырлары ауруларын ерте анықтауға арналған скринингтердің жаңа түрлері енгізілуде. Сондай-ақ мидағы қан айналымы бұзылуын ерте анықтау үшін 50 жасстан асқан ер азаматтарымызға жаңа скрининг түрі енгізіледі. Әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туған жағдайда тексерулер барлығына тегін болады», – деп атап өтті Ақмарал Әлназарова.

**2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ МӘМС
ЖҮЙЕСІМЕН ҚОСЫМША 1 МЛН-НАН
АСТАМ АДАМ ҚАМТЫЛАДЫ**

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңда денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған бірқатар шараны жүзеге асыру көзделген.

Әлеуметтік осал топтарды МӘМС-пен қамтуды кеңейту: Халықты барынша жүйеге тарту мақсатында әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін жарналарды жергілікті атқарушы органдардың төлеу тетігі енгізіледі. Бұл норманы жүзеге асыру 2026 жылға қарай қосымша 1 млн-нан астам адамды МӘМС жүйесімен қамтуға мүмкіндік береді.

Әділ жарна жүйесін енгізу: Әлеуметтік әділеттілік қағидатын сақтау үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударым жасалатын кірістің жоғарғы шегі алынып тасталады. Бұл тәсіл азаматтардың жүйеге үлесін олардың табысына сай етіп, сала бюджетіне жыл сайын қосымша 200 млрд теңгеге дейін қаржы әкеледі.

Мемлекеттік қаржыландыруды арттыру: Жеңілдікті санаттағы 11 млн азамат үшін мемлекет жарнасының мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Бұл шара 2030 жылға қарай қаржыландыру көлемін 289 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бірыңғай медициналық қызметтер пакетін қалыптастыру: 2027 жылдан бастап мемлекет кепілдік беретін тегін медициналық көмек көлемі (ТМККК) мен МӘМС пакеті арасындағы нақты

айырмашылықты белгілейтін бірыңғай пакет енгізіледі. Осылайша әрбір азамат мемлекет кепілдік беретін қызметтерді және сақтандыру есебінен көрсетілетін қызметтерді нақты біле алады.

**АНА МЕН БАЛА
ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ**

2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде өмір сүру ұзақтығы алғаш рет 75,4 жасқа жетті. Ана өлімі көрсеткіші 12%-ға төмендеп, тарихи минимумға жетті. Сондай-ақ неонаталдық өлім 20%-ға, сәби өлімі 11%-ға, ал бала өлімі 8%-ға азайды.

2024 жылы елімізде алғаш рет «Феталды медицина» инновациялық технологиясы енгізілді: 71 жатырышілік (ұрыққа) операция жасалып, нәтижесінде 96 нәрестенің өмірі сақталып қалды. Жаңа туған сәбилер хирургиясы да қарқынды дамуда – 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында туа біткен даму ақаулары бар 600 нәрестеге ота жасалды.

Ауытқуларды ерте анықтау үшін елде тиімді инфрақұрылым қалыптастырылды – Бір күндік клиникалар, Ұрықты қорғау орталықтары ашылды. Балаларға туғаннан бастап төрт түрлі скрининг жүргізіледі: неонаталдық, аудиологиялық, психофизикалық және офтальмологиялық. Бұл жұмыс нәтижесін берді – туа біткен ақаулары бар балалар арасындағы бастапқы мүгедектің 7,5%-ға төмендеді, ал жаңа туғандардың өмір сүру деңгейі 88%-дан 93%-ға дейін артты.

Балаларға көрсетілетін көмекті жақсарту үшін әрбір АМСК ұйымында педиатриялық бөлімдер ұйымдастырылуда. ЮНИСЕФ қолдауымен емханаларда Балаларды дамыту және ерте араласу орталықтары ашылып жатыр. Бүгінде осындай 100 орталық жұмыс істейді, онда дамуында қиындықтары бар балалар кешенді көмек алады. Балалар арасында аутизм диагнозы қойылғандар санының көбеюіне байланысты олардың реабилитациясына арналған төсек-орын саны 4 есеге артты.

Аналарды қолдау үшін алғаш рет әйелдердің репродуктивтік денсаулығын нығайтуға бағытталған «Аналар саулығы» бағдарламасы іске қосылды. Сонымен қатар шалғай ауылдардағы әйелдер үшін жоғары қауіп тобындағы жүкті әйелдерді алдын ала госпитализациялауға арналған «Салауатты ана» пансионаттары ашылып жатыр.

(Жалғасы www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында)

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨНДІРІС КӨЛЕМІН АРТТЫРУДА



Еліміздің өнеркәсіптік негізін құру жөніндегі Президент тапсырмасын жүзеге асыру: өңдеу өнеркәсібі 2025 жылы 6,1%-ға өсіп, өндiрiс көлемі 16 трлн теңгеден асты.

Үкімет Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің өнеркәсіптік берік іргетасын құру бойынша кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға және өңдеуші саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ersayin Nagaspaev индустрияландыру нәтижелері өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуін көрсетіп отырғанын атап өтті.

«Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі 6,1%-ға өсті, ал өнім өндіру көлемі 16 трлн теңгеден асты. Бұл жерде экономикадағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13,9%-ға дейін артқанын атап өткім келеді», — деді министр. Отандық өндірістің өсуін ынталандыру мақсатында қаржылық қолдау құралдары пайдаланылуда.

«Біз жергілікті, отандық өндірушілердің өсуін ынталандыру мақсатында белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз: өңдеу өнеркәсібінің 115 жобасын қолдауға 500 млрд теңге бөлінді. Бұл «Бәйтерек» холдингі сияқты даму институттары арқылы жүзеге асырылды», — деп атап өтті Ersayin Nagaspaev.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуда отандық өндірушілерге басымдық берілді: 2025 жылдың 7 айында сатып алу көлемі 1,5 есеге өсіп, жалпы құны 1,2 трлн теңгеден асты.

Тағы бір маңызды қолдау құралы — қазақстандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімі, ол сатып алудың ашықтығын арттырып, жалған өндірушілерді жоюға мүмкіндік береді. Оның іске қосылуы осы жылдың күзіне жоспарланған.



41 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫҒА КӨМЕК

Биыл Жетісу облысында 41 мыңнан астам оқушының мектепке жиналуына көмек көрсетілгені. Соның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 25 мыңдай балаға жалпы білім беру қорынан жәрдем жасалса, 16 650 балаға «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсетілмек, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне қарағанда, Жетісу облысында әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы 25 мыңдай балаға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға 1,1 млрд. теңге бөлінген. Бүгінгі күні аталған қаражат ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды.

Сол сияқты облыста республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында тамыз айының алғашқы жартысында 8400-ден астам балаға көмек көрсетілді, атап айтқанда мектеп формасы, аяқ киім, кеңсе тауарлары берілді. Жалпы 16 650 бала көмекпен қамтылады деп жоспарланған. Қайырымдылық көмек шарасына кәсіпкерлер, этно-мәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар т.б. белсене атсалысуда. Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Ата-аналардың нарықтағыдан төмен бағада мектеп формалары мен кеңсе тауарларын сатып алуы үшін арнайы мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, Талдықорған және Текелі қалаларында орталық арбатта, Көксу ауданында Балпық би ауылында Қабан жырау көшесі, 17-үйде орналасқан «Дастан» сауда үйінің алдында, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында Желтоқсан көшесі, 1 мекенжайындағы «Бәйтерек» сауда үйінің алдында, Сарқан ауданы Сарқан қаласы Тынышпаев көшесіндегі орталық алаңда осындай жәрмеңкелер өтіп жатыр. Алдағы уақытта Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы, Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы орталық базарларда, Алакөл ауданы Үшарал қаласында Д. Қонаев көшесі, 73 мекенжайында орналасқан «Достық» сауда үйінің алдында, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылы Момышұлы көшесіндегі орталық алаңда, Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы мәдениет үйінің алдында мектеп жәрмеңкелерін ұйымдастыру жоспарда бар», — делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

Жалпы, Жетісу облысы жаңа оқу жылын 130 мыңнан астам оқушымен бастаса, соның 13 мыңға жуығы бірінші сынып оқушылары болмақ.

Фотосуретті облыстық білім басқармасы ұсынды

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

Жетісуға «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» облыстық тамыз конференциясы аясында өңірдегі мұғалімдер, тәрбиешілер, әлеуметтік педагогтар, білім саласының дамуына үлес қосқан басқа да саланың қызметкерлері, демеушілер мен кәсіпкерлер, басым бөлігі білім мекемелеріндегі жұмысшы мамандар — жалпы саны 90 адам марапатталды. Талдықорғанда өткен конференция жұмысына облыс әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова және өңірдің педагогтар қауымы қатысты.

Облыс басшысының айтуынша, өңірде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болған 6 педагог бар. Солардың арасында жетісулық ұстаз Ләззат Испанова күні кеше ғана Президент қолынан марапат алған болатын.

— Өркениетті, озық ел боламыз десек, ең алдымен ұстаздарға қолайлы жағдай жасап, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеруіміз керек. Өйткені сіздер жас ұрпақты тәрбиелеп, мемлекеттің дамуына зор үлес қосып келесіздер. Осы еселі еңбектеріңіз үшін ұстаздар қауымына шынайы алғысымды білдіремін, — деген Бейбіт Исабаев бұдан әрі марапаттау рәсімін атқарды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен Алакөл, Ескелді, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласының 5 педагогы, сол сияқты Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасымен Ақсу, Көксу, Сарқан, Панфилов аудандары мен Текелі қаласының 5 педагогы марапатталды.

Бұдан бөлек, облыс әкімінің және Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттары білім мекемелерінде еңбек етіп жүрген 60-тан астам жұмысшы маманға, сол сияқты білім беру саласының дамуына үлес қосқан басқа саланың 20-ға жуық қызметкеріне берілді.

— Біздің колледжде жиырма жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келемін. Оның он жылында тазалық пен тәртіпке жауапты болдым, ал соңғы алты жылдан бері жатақхананың коменданты қызметін атқарамын. Төрт

балам бар, отбасым үнемі қолдау көрсетеді. Бүгінгі таңда мұғалімдермен қатар қарапайым еңбек адамдарының да еңбегі еленіп жатқанын көру — үлкен қуаныш. Себебі өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде әрқайсымыз өз үлесімді қосып жүрміз деп ойлаймын, — деді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған Талдықорған индустриалды колледжінің жатақхана коменданты Бақытжан Әбеуова.

Талдықорған қаласындағы №2 балабақшаның аспазы Надежда Мамаева да осындай пікірде. Ол Тамыз конференциясында облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды:

— Менің аспаз кәсібіме келгеніме 30 жылдан асты, соның ішінде Талдықорғандағы №2 балабақшада жұмыс істегеніме 20 жыл. Еңбегіңнің еленгені мерейіңді өсіреді. Бүгін облыс әкімі балаларға сапалы тамақ беруді ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Расында бұл — ұлт денсаулығына тікелей әсер ететін жайт. Сондықтан балаларымыз дәмді әрі пайдалы тамақ иісп-жерші деп жұмысыма барында ыждаһатты қараймын, — дейді Н.Мамаева.

Марапатталушылардың бірі алакөлдік ұстаз да өзінің жылы лебізін білдірді:

— Бүгін Тамыз конференциясына қатысып шықтық. Жиында көптеген жақсы жаңалықтар айтылды. Менің педагогикалық еңбек өтілім 38 жыл, соның 16 жылында мектепті басқардым. Ұзақ жыл бастауыш сыныптың мұғалімі болдым. Бүгін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін алдым. Бұл мені жастарды тәрбиелеу жолында бұдан әрі де қажырлы еңбектенуге қанаттандырады, — дейді Үшарал қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының директоры Галима Хасенова.

Атап өтсек, бүгін жылы сайынғы педагогтардың Тамыз конференциясы аясында Жетісуға білім саласын дамытудың өзекті мәселелері, атап айтқанда Президенттің алға қойған білім сапасын көтеру, инклюзивті оқыту, жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды әлеуметтік кеселдерден сақтау, саланы цифрландыру және мұғалімнің мәртебесін көтеру міндеттерін іске асыру жолдарын талқылаған болатын.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ЖҮЙЕЛІ ШЕШІЛУДЕ

Жетісу облысында тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Соңғы үш жылда 6 мыңға жуық отбасы жаңа пәтерге қоныстанды. Бұл үйлер өңірлік бағдарламалар, демеушілердің қолдауы, кредиттік және жалгерлік жүйелер арқылы, сондай-ақ апатты үйлерде тұрған тұрғындарды көшіру есебінен берілді. Осындай ақпаратпен Б.Құранбек атындағы Журналистер үйінде БАҚ өкілдерімен кездесуде Жетісу облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айгос Бекетаев бөлісті.

Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Жыл соңына дейін тағы 2 мыңға жуық азаматты тұрғын үймен қамту жоспарланған. Оның ішінде 800-ден астамы кредиттік үй, 400-ден астамы сатып алу құқығымен берілетін жалдамалы пәтер, 250-ден астамы әлеуметтік әлсіз топтарға арналған үй. Сондай-ақ «Жерұйық», «Жетісу жастары», «Маман» бағдарламалары мен демеушілердің қолдауы арқылы жүздеген отбасы баспаналы болады. Жыл басынан бері мыңнан астам отбасы жаңа үйге кіріп үлгерді.

Облыс бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған 30 мыңнан астам азаматтың тізімі ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тапсырылды. Жаңа жүйеге сәйкес, тұрғын үй бөлу рәсімін «Отбасы банк» жүргізсе, жергілікті әкімдіктер жалдау шартын рәсімдеп, пәтерді жекешелендіру мәселесін қарайды.

Өңірде тұрғын үй саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында бірнеше бағыт іске асырылып жатыр. «Тұрғын-үй коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында Талдықорғанда 1,3 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілсе, биыл өңірдің үш қаласында 378 пәтер сатылымға шықты. «Жетісу жастары» бағдарламасы арқылы соңғы екі жылда 80-нен астам жас отбасы баспаналы болды. «Жерұйық» жобасы ауыл мамандарына қолдау көрсетіп, ондаған отбасыға үй әперді. Ал Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында іске қосылатын «Маман» бағдарламасымен 50 отбасы баспанамен қамтылмақ.

Осылайша, Жетісу облысында тұрғын үй құрылысы қарқын алып, орталық және өңірлік бағдарламалардың үйлесімі арқасында мыңдаған азаматтың баспана мәселесі шешілуде.

Арай НҰР



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

В ЧЕМ УНИКАЛЬНОСТЬ ЖИЛИЩНОЙ ПРОГРАММЫ «МАМАН»?

Региональная жилищная программа «Маман» стартует в области Жетісу – об этом сообщил директор Жетісуского областного филиала АО «Отбасы банк» Жасулан Курмангалиев. Для ее реализации большую поддержку оказал акимат области, выделив из местного бюджета 1 млрд тенге.

Уникальность данной программы состоит в том, что в ней могут участвовать граждане, не входящие в приоритетные категории для постановки в очередь на жилье. А именно: журналисты и сотрудники СМИ, работники сфер здравоохранения, образования, культуры, спорта, туризма, энергетики, аппарата филиалов политических партий, сотрудники филиала НАО Государственная корпорация «Правительство для граждан». Стаж работы должен быть не менее 1 года в области Жетісу. При этом человек может не стоять в очереди на жилье и не быть вкладчиком «Отбасы банка».

Основные требования, предъявляемые акиматом к участникам программы: возраст до 63 лет включительно (на момент подачи заявления); отсутствие у заявителя и членов семьи недвижимости в течение последних 5 лет (на момент подачи заявления); наличие постоянной регистрации по месту жительства в области Жетісу не менее 3-х последних лет.

Согласно условиям кредитования максимальная сумма займа составляет 20 млн тенге, первоначальный взнос - 10% от суммы займа. Жилье в области Жетісу можно приобрести на первичном/вторичном рынках или введенное в эксплуатацию/ строящееся жилье. Это может быть: доля в многоквартирном жилом доме; квартира в многоквартирном жилом доме; квартира с земельным участком; индивидуальный жилой дом с земельным участком. Залоговое обеспечение - приобретаемое жилье и/

или имущественное право при наличии гарантии АО «Казахстанская жилищная компания». При недостаточности залогового обеспечения принимается дополнительный залог в виде недвижимого имущества либо жилищных строительных сбережений в Банке, принадлежащие участнику программы, либо иному третьему лицу.

Важно помнить: в программе может участвовать только один из супругов.

Для того, чтобы подать заявку на участие в программе «Маман», необходимо обратиться в местный районный или городской отдел жилищно-коммунального хозяйства и представить следующие документы: направление с МИО для прохождения Квалификации: документ, удостоверяющий личность участника и супруга(-и); свидетельство о заключении/расторжении брака/свидетельство о смерти; свидетельства о рождении детей; справка о заработной плате (за последние 6 или 12 месяцев); выписка о пенсионных отчислениях участника и супруга(-и) (за последние 6 или 12 месяцев) с ЕGOV; справка о наличии и отсутствии недвижимости по РК; для участников, являющихся ИП, - выписка с банковского счета за последние 12 месяцев в формате PDF.

Отбор участников в программу будет проходить на основе балльной системы: заявитель до 35 лет – 5 баллов; стаж работы - 1 год стажа 5 баллов в утвержденной сфере, за последующий год стажа работы по 1 баллу; семейное положение – в зарегистрированном браке 5 баллов, за каждый год в браке дополнительно по 2 балла не более 15 баллов, холост – 0 баллов; дети до 18 лет – на одного ребенка 1 балл, за второго и более по 2 балла; очередь МИО области Жетісу – 10 баллов, для очередников категорий дети-сироты, дети, оставшиеся без попечения родителей, дополнительно 5 баллов; вкладчик банка с минимальным накоплением от 500



тыс. тенге – 2 балла; прописка в области Жетісу – за каждый год по 1 баллу не более 5 баллов.

Прием заявок будет осуществляться с 25 августа по 05 сентября (включительно) 2025 года.

В целом, по словам руководителя управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Айдооса Бекетаева, реализация региональных жилищных программ направлена на комплексное и эффективное решение жилищного вопроса.

Так, в рамках программы «Концепция развития жилищно-коммунальной инфраструктуры на 2023–2029 годы» в 2023–2024 годах по городу Талдықорган было предоставлено 1 365 квартир, в 2025 году выставлены на продажу 378 квартир (г. Талдықорган – 218, г. Жаркент – 120, г. Текели – 40 квартир). Участвовать в данной программе могут граждане от 18 лет до пенсионного возраста через АО «Отбасы банк». Основное условие – наличие статуса нуждающегося в жилье по области Жетісу в установленной категории.

На реализацию программы «Жетісу жаңартары» за два года из областного бюджета

было выделено более 800 млн тенге, в результате чего 83 молодые семьи получили жилье в 2023–2024 годах. Согласно Закону РК «О жилищных отношениях», участниками программы стали сотрудники бюджетных организаций, государственные служащие, многодетные семьи, социально уязвимые слои населения и дети-сироты в возрасте до 35 лет включительно, состоящие на учете как нуждающиеся в жилье. По итогам 2024 года программа завершена.

На реализацию программы «Жерұйық» в 2024 году из областного бюджета было выделено 1 млрд тенге на поддержку сельских специалистов. Участниками программы являются жители районов, сельских округов, а также работники аграрного сектора. В результате на сегодняшний день на сумму 800 млн тенге жилье приобрели 56 семей. Оставшиеся 200 млн тенге находятся в процессе освоения.

И в текущем году на реализацию программы «Маман» из областного бюджета выделено 1 млрд тенге, что позволит обеспечить жильем 50 или более семей. Программа приурочена к Году рабочих профессий.

ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОЕ ХОЗЯЙСТВО ПОДГОТОВКА К ОТОПИТЕЛЬНУМУ СЕЗОНУ - ПО ГРАФИКУ

В области Жетісу полным ходом идет подготовка к предстоящему отопительному сезону 2025–2026 годов. Работы ведутся строго по утвержденному плану и графику, а общая готовность объектов на сегодняшний день составляет около 80%.

Активно реализуются мероприятия по подготовке объектов теплоснабжения и в областном центре. Предприятием КГП «Талдықоргантеплосервис» был разработан и согласован с местными исполнительными органами подробный план подготовки к осенне-зимнему периоду, включающий ремонт тепловых сетей, котельных и насосных станций.

На начало августа из 5314 метров тепловых сетей, подлежащих ремонту, уже восстановлено 3961 метр – это 85% от плана. Окончание работ намечено на 20 сентября.

В котельной «Баскуат» ведется капитальный ремонт котлов ВК-1 и ВК-3: готовность по ВК-1 – 85%, по ВК-3 – 56%. Завершение работ ожидается 1 сентября и 1 октября соответственно.

Кроме того, все квартальные котельные, котельные малой мощности и насосные станции уже прошли текущий ремонт на 100% и полностью готовы к началу отопительного сезона.

В рамках утвержденной тарифной сметы на 2025 год на подготовку выделено 207,4 млн тенге, из которых: 15,4 млн тенге – на текущие ремонты; 192 млн тенге – в рамках инвестиционной программы.

Кроме этого, в городе с 11 по 21 августа был полностью отключен тепловой комплекс для проведения ремонтно-профилактических работ. В

связи с этим была приостановлена подача горячей воды, что у жителей вызвало вопрос: А без этого было никак нельзя?

Ответ на данный вопрос мы получили от и.о. начальника головной котельной «Баскуат» Марата Кудайбергенова.

У нас большое производство со своим специальным оборудованием, где после прохождения зимнего периода обязательно появляются дефекты. В частности, на нашей головной котельной есть семь сетевых насосов, которые под большим давлением качают и подают в город горячую воду. На данных насосах имеются затворы, и в них начинают протекать сальники. И чтобы произвести замену затворов, необходимо полностью остановить подачу воды и спустить ее из насосов. Ведь вы же понимаете, что под большим напором, тем более горячей воды, этого сделать невозможно, - рассказал Марат Кудайберген.

По его словам, в прошедшие десять дней все силы были брошены на замену затворов, на котельной «Баскуат» работали четыре звена – общей численностью 80 человек.

Сейчас работа завершена, и горожане снова получили горячую воду. И впредь надо немного потерпеть и помнить всегда, что эта и остальные ремонтные работы проводятся с одной целью - обеспечить надежную и бесперебойную подачу тепла жителям города в зимний период, - подчеркнул и.о. начальника головной котельной.

Одним словом, подготовка к отопительному сезону в Талдықоргане идет в соответствии с графиком и на хорошем уровне, что подтверждает ответственное отношение власти, теплоснабжающего предприятия к жителям и социальной инфраструктуре областного центра.



ЗЕЛЕННЫЕ ЗОНЫ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

В области Жетісу со дня ее образования создано 11 новых парков, 5 скверов и 2 аллеи, а в этом году будут сданы еще 7 зеленых зон общей площадью 11,3 га в Коксуском, Ескельдинском, Алакольском, Карпатайском районах и городе Талдықоргане. Эти мероприятия по озеленению и благоустройству проводятся в рамках экологической программы «Тазы Қазақстан».

Кроме работ по озеленению на территории новых парков, скверов и аллей будут организованы автоматическая и арычная системы полива, а также по необходимости объекты будут обеспечены водовозным транспортом.

В частности, на данном этапе в городе Талдықорган завершается строительство парка и сквера в микрорайонах «Құлагер» и «Бірлік».

В этом году между городской отделом ЖКХ и подрядной организацией ТОО «Ансар групп» был заключен договор на проведение строительно-монтажных работ по строительству парка в микрорайоне «Құлагер». Общая площадь объекта составляет 1,2 га. На сегодня все строительно-монтажные работы завершены, ведутся работы по озеленению, то есть пусконаладочные работы по системе автополива и посев газона. Осе-

ню же будут высажены зеленые насаждения, - рассказал заведующий коммунальным сектором отдела жилищно-коммунального хозяйства города Талдықоргана Рамиль Рахимбаев.

На данный момент в парке установлены футбольное поле, спортивная и детская площадки, зона для отдыха со скамейками и качелями. Местные жители уже приходят сюда погулять, посидеть или поиграть с детьми. Радуются, что в их еще строящемся микрорайоне теперь есть такое место, и верят, что в будущем это будет настоящий парк с деревьями, дающими в летнюю жару тенистую прохладу.

По словам специалиста, сквер в микрорайоне «Бірлік» будет сдан в конце сентября. Кроме этого, отметил он, строится и пешеходная зона между улицами Алдабергенова и Желтоксан.

Всего же в Талдықоргане имеется 5 парков и 40 скверов общей площадью 124 га.

В целом, в области Жетісу имеется 132 парка, сквера и аллей общей площадью 296,3 га. При этом в осенний период этого года в регионе высажено около 56 500 молодых деревьев.

Фото Жумабая Мусабекова
Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА

ТАЛДЫҚОРҒАН ТЫНЫСЫ ЖАҢА АУДАНАРДЫҢ ЖОБАСЫ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл жаңа 11 және 12 шағын ауданның жоба жұмыстарымен танысты. Басқосу барысында жол инфрақұрылымы, көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы және инженерлік желілерді тарту мәселелері жан-жақты қаралды.

Аталған шағын аудандар әлі бой көтермегендіктен, бұл- жоспарлау және жобалық-сметалық құжаттамаларды пысықтау кезеңі. Осыған байланысты қала әкімі жобалардың әрбір тетігін қайта қарап, құрылыс сапасына, инженерлік инфрақұрылымдардың уақтылы әрі толық жүргізілуіне баса назар аударды.

Ернат Бәзіл, қала әкімі:

– 11 және 12 жаңа шағын аудандар қаламыздың болашақтағы өсу нүктесі. Бұл аумақтарда барлық инфрақұрылым жүйелі түрде салынуы тиіс. Қала тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз ету басты міндетіміз. Сондықтан

әрбір жоба нақты есепке негізделіп, заманауи талаптарға сай жүзеге асырылуы қажет, – деді.

Әкім, жауапты бөлім басшыларына және мердігер ұйымдарға нақты тапсырмалар беріп, инженерлік желілердің жобасын жетілдіру, құрылыс мерзімдерін нақтылау және сапаны қатаң бақылауға алуды тапсырды.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА 20 ҮЙДІҢ ҚАСБЕТІ ЖАҢАРТЫЛУДА

Облыс орталығы Талдықорған қаласында биыл 20 үйдің қасбетін жөндеу жұмыстары қарқынды түрде басталып, қызу жүргізілуде. Аталмыш жұмыстар «Ұлан» шағын ауданында жүзеге асып жатыр.

Шаһарда бүгінде 800-ден астам көпқабатты тұрғын үй бар. Олардың басым бөлігі 1970-80 жылдары салынған. Қазіргі уақытта көптеген үйлердің шатыр жабындысы мен қасбеті тозып, жаңартуды қажет етуде.

Осыған орай қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, қала аумағында жыл сайын тозығы жеткен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз

ету, өмір сүру сапасын арттыру және қала келбетін жақсарту мақсатында жүзеге асуда.

Еске салсақ, өткен жылы 28 үйдің шатыры жаңартылып, 11 үйдің қасбеті ретке келтірілген болатын. Сонымен қатар, көпқабатты үйлердің аулалары да кезең-кезеңімен абаттандырылып, заман талабына сай келбетке енуде.

ГАУХАР АНА КӨШЕСІ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Гаухар ана көшесін абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты.

Алдымен Абай көшесімен қиылысатын Гаухар ана көшесіндегі жол белгілерін қайта қарап, қажетті өзгерістер енгізуді тапсырды. Сонымен қатар, жол бойындағы жабайы сауданы жою және саудагерлерге қатысты заң аясында шара

қолдану қажеттігін атап өтті.

Айта кету керек, биылғы жылдан бастап Гаухар ана көшесімен екі бағытты қамтитын қоғамдық көліктерді жүргізу қарастырылуда. Бұл Қабанбай батыр көшесімен жүретін автобустардың

жүктемесін азайтуға септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, қала әкімі Гаухар ана көшесіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуді және базар маңынан жеңіл көліктерге арналған автотұрақтар санын көбейтуді тапсырды.

Еске сала кетсек, қазіргі уақытта қала әкімінің тапсырмасы негізінде жол жиегін және жаяу жүргіншілер жолын заңсыз иеленіп алған жабайы сауда орындарын тазарту жұмыстары жалғасуда.

«Ұзақ жылдар бойы қала орталығындағы жабайы сауда мәселесі өзекті болып келді. Енді бұл мәселені жүйелі түрде шешуе кірістік. Мысалы, Біржан сал көшесі – осының айғағы. Бұрын бұл көшеде де жол үстінде сауда қызатын. Қазіргі таңда аталған көше толық абаттандырылып, қала тұрғындары үшін жаңа демалыс орнына айналып отыр. Мұндай жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастырамыз», – деді қала басшысы.

Айта кетейік, қазіргі таңда Абай – Гаухар ана көшелерінің қиылысында заман талабына сай жаңа әмбебап базардың құрылысы жүргізілуде.

«SUMMER TDK-2025» – ЖАЗДЫҢ ЕРЕКШЕ КЕШІ

Талдықорған қаласының қалалық жағажайында өткен жазғы көңіл көтеру бағдарламасы аясында «BUSINESS PARTY» жобасымен жазғы маусымның шымылдығы жабылды. Шараға 5000-ға жуық қала тұрғыны мен қонағы қатысып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кеш барысында, балаларға арналған қызықты «Зазеркалье» ойын-сауық шоуы, қаламыздың кәсіпкерлері әзірлеген көңілді бағдарламалар, «Талдықорған әуендері» ХФЭ ансамблінің мерекелік концерті және Алматы қаласынан арнайы келген DJ SLAYSH-тің өнері жиналған қауымға ерекше әсер сыйлады.

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл шараға атсалысқан барша жанға

алғысын білдіріп, мұндай мәдени-демалыс жобалары алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.

«Маусым айынан бері қаламызда дамылсыз өткен жазғы жобалар тұрғындарымызға қуаныш пен ерекше көңіл-күй сыйлады. Осы орайда аянбай еңбек еткен өнер ұжымдарына, қолдау көрсеткен кәсіпкерлерге, тазалық жа-

сап жүрген аға-әпкелерге, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз еткен тәртіп сақшыларына, барлық шараларға белсене қатысып, өздерінің жоғары мәдениеттілігін көрсеткен қала тұрғындары мен қонақтарына және барша Талдықорған халқына шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл – біздің бірлігіміз бен ұйымшылдығымыздың айғағы», – деді қала басшысы.

Айта кетейік, кеш соңында қала кәсіпкерлерінің атынан тұрғындарға тарту етілген әсем отшашу жазғы маусымның жабылуын айшықтай түсті.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ӘДЕП КОДЕКСІ – АР КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері – ел дамуының тірегі, мемлекеттің бет-бейнесі. Сондықтан оларға қойылатын талаптар да жоғары. Осы орайда мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы мен қызметтік әдебін айқындайтын негізгі құжат – ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі ерекше маңызға ие.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің кәсіби әдебін ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, құқықтық және мәдени құндылықтарын көрсететін ережелер жиынтығы. Құжаттың басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің қоғаммен қарым-қатынасын ашық, әділ, сенімді негізге құру.

Кодексте нақты мынадай қағидаттар қамтылған:

- заңдылық;
- адалдық пен әділдік;
- азаматтардың құқықтарын сақтау;
- этикалық нормаларды ұстану;
- қоғам мен мемлекет мүддесіне адал қызмет ету.



Бұл қағидалар – әрбір мемлекеттік қызметшінің ішкі тәртіп ережесіне айналуы тиіс. Әдеп нормаларының бұзылуы – тек бір қызметкердің беделіне емес, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің имиджіне нұқсан келтіреді.

Берік АБЫЛХАН,
Талдықорған қаласы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі

КӘСІБИ МЕРЕКЕ СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Спорт күніне орай Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл үздік спортшылар мен жаттықтырушыларды марапаттады. Шараға өңірдің спорт саласының өкілдері, ордагерлер мен жас спортшылар қатысты.



Ернат Дүйсенбекұлы «Бұл мереке – тек спортшылардың ғана емес, салауатты өмір салтын ұстанатын барлық азаматтардың ортақ мейрамы деп білемін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев спортты дамытуға ерекше мән беріп келеді. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес елімізде бұқаралық спортты дамыту, спорт инфрақұрылымын жаңарту және жасөспірімдер спортына қолдау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл жетістіктер спортта тер төгіп жүрген жаттықтырушылар, мұғалімдер мен спортшылардың еңбегінің нәтижесі. Олардың жанқиярлықпен атқарған қызметі қаламыздың салауатты, белсенді өмір салтын қалыптастыруына және жаңа спорттық жетістіктерге жетуіне негіз болуда» – деп қаламыздағы спорттың дамуына ірі кәсіпкерлер мен меценаттардың да үлесі зор екендігін, олардың көмегімен жаңа жобалар іске асып, спортпен айналысуға мүмкіндік артып отырғандығын баса айтты. Айта кетейік, «Талдықорған қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қала тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамыту және насихаттау мақсатында 400-ден астам спорттық шара өтіп, 30 000-нан астам қала тұрғындары қатысты. «Aula Fit», «Мектеп барысы» жобалары, Талдықорған Футбол лигасы, мектеп оқушылары арасындағы «Bala Liga» турнирі салауатты өмір салтын қолдаудың жарқын көрінісі ретінде қалыптасты. Сондай-ақ, «Талдықорған тұлпары» және «Талдықорған – 2025» атты ұлттық ат спорты турнирлері халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеп келеді. Жаннұр Өбішев, «Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы: «Талдықорғанда спорт – тек жаттығу ғана емес, бұл – өмір салты, бірлік пен жігердің символы. Әр алаңда, әр жарыста біздің болашағымыздың чемпиондары өсіп келеді. Бұл – тек бүгінгі жетістік емес, ертеңгі ұлы жеңістердің бастауы. Мемлекет және меценаттардың әрдайым қолдау көрсетуі осы жолдағы басты күшіміз. Біз жас спортшылардың арманын ұштап, оларға жаңа мүмкіндіктер сыйлаймыз» – деді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау қажеттігін айтып, бірқатар тапсырма жүктеген болатын. Осы орайда аймақта айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Жасөспірімдерге арналған іс-шараларға 200-ден астам спорттық жарыстар ұйымдастырылып, нәтижесінде жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалды. Жалпы 20 000-нан астам жасөспірім қамтылып, спортқа деген қызығушылығы айтарлықтай артты.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТҮНГІ БЕЛОШЕРУ

Талдықорғанда қала әкімі Ернат Бәзілдің қатысуымен Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына және спорт күніне орай дәстүрлі велошеру ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және қала тұрғындарын дене шынықтыруға тарту.

Велошеру Жалайыри даңғылынан басталып, 6 шақырымды қамтыды. Оған 300-ге жуық адам, соның ішінде кәсіби спортшылар, мемлекеттік қызметкерлер мен қала тұрғындары қатысты.

Қатысушыларды құттықтаған қала әкімі Ернат Бәзіл белсенділік танытқан барша қауымға алғысын білдіріп, Талдықорғанда бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатын жастардың көптігіне қуанышты екенін атап өтті.

Мерекелік көңіл-күйді арттыра түскен шара барысында лотерея ойындары ұйымдастырылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, қала әкімінің қатысуымен велошеру осымен жетінші мәрте өткізілуде.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



АРБАТ: ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРҒА ТАРТУ

Талдықорғанның көркіне көрік қосып, тұрғындардың жайлы демалуына жағдай жасау мақсатында «Арбат» жаяу жүргіншілер аймағы жаңғыртылып, қолданысқа берілді. Бұл бастама қаладағы қоғамдық кеңістіктерді дамыту және тұрғындарға қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру бағытындағы игі істердің бірі болып отыр. Қала тұрғындары демалыс орнының облыс орталығы үшін маңызды жобалардың бірі екенін атап өтуге. Олар мұндай игі бастамалар қала өмірін жандандырып, халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретінін жеткізді.

Құрылыс жұмыстары Біржан сал көшесі бойымен Гаухар ана және Қабанбай батыр көшелерінің арасындағы учаскеден басталды. Аталмыш алаңда абаттандыру жұмыстарымен қатар диаметрі 200 мм және ұзындығы 70 метр жылу желілері ауыстырылды. Сондай-ақ, шағын сәулет нысандары мен жарықтандыру, асфальт төсемін төсеу, арық желісін орналастыру жұмыстары жасалды. Сәуір айында басталған құрылыс жұмыстарын атқарған мердігер мекеме - «Капитал Stroy Kz» ЖШС. Қала әкімі Ернат Бәзіл демалыс аймағын аралау барысында тұрақты бақылау шараларын жүргізуді тапсырды. Әкім тұрғындардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын басты назарға алып, тазалық пен тәртіпті қадағалау қажеттігін айтты. Сонымен қатар, ол жабайы саудаға жол бермеуді қатаң ескертіп, ретсіз сауда орындарының тұрғындар мен қонақтарға қолайсыздық тудырмауы тиіс екенін атап өтті. Әкімнің айтуынша, демалыс аймақтары қала келбетін айшықтайтын,

Эльмира, қала тұрғыны:
– Шаһарымыз мемлекетіміздің жасампаз саясаты аясында, облыс, қала әкімдерінің жан-жақты қолдауы және еңбек ұжымдарының қажырлы еңбегімен күннен күнге қарыштап дамып келеді. Осы уақыт аралығында Талдықорған өзге қалаларға барлық жағынан үлгі бола алды. Бір кездері ең таза, ең жасыл қала ретінде танылғаны баршаға мәлім. Бұл - біз үшін мәртебе. Қаланың бүгінін көріп отырмыз, кешегісін ұмытпай, болашағын бағдарлау қажет.

халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайтын маңызды орындар. Сондықтан мұндағы әрбір жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, тұрғындарға барынша қолайлы жағдай жасалуы қажет. Осы орайда қала әкімі Ернат Бәзілдің үндеуі: – Құрметті талдықорғандықтар! Бүгін біз жаңа «Арбатты» техникалық тұрғыда іске қосып отырмыз. Сіздер бұл аумақтың толықтай абаттандырылғанын байқаған боларсыздар. Қала әкімі ретінде сіздерге маңызды бір өтінішпен жүгінім келеді. Бәріміз де көрікті, ұқыпты әрі таза қалада өмір сүргіміз келеді. «Арбатта» серуендеп, демалып, арнайы белгіленген орындарда сауда жасаған қандай жақсы?! Сондық-

Айман, қала тұрғыны:
– Талдықорған – біздің ортақ үйіміз. Қаланы жергілікті тұрғындар мен қонақтарға жайлы ету үшін шаралар жүзеге асуда. Соның бірі - «Арбат» жаяу жүргіншілер демалыс орны. Бұл бастама аймақтың экожүйесін сақтай отырып, қала тұрғындарының демалуы үшін ыңғайлы әрі тартымды орта жасау деп білемін. Орталық тұрғыны ретінде қуаныштымын.



тан бұл аумақтың қайтадан бейберекет сауда орнына айналып кетпеуі өте маңызды. Бұл мәселені тек әкімдік жалғыз шеше алмайды, сіздердің қолдауларыңыз қажет. Құрметті тұрғындар, бейжай қарамай, белсенділік танытуларыңызды сұраймын. Егер серуендеу немесе сауда жасау барысында рұқсат етілмеген сауданы байқасаңыздар, оны фото немесе видеоға түсіріп, 102 немесе 109 нөміріне жолдауларыңызды сұраймын. Біз жедел әрекет етеміз. «Арбатты» барша тұрғындар үшін жайлы демалыс орны ретінде бірге сақтап қалайық!» - деді. Қоғамдық тәртіп сақшылары демалыс аймағына келушілерге тәртіп сақтаудың маңызын үздіксіз ескертуде. Олар халықтың тынығу орындарында бейберекет әрекет жаса-

Нұрбала, қала тұрғыны:
– Қала тұрғындарының тынығуына арналған «Арбат» абаттандырылып, пайдалануға берілді. Заманауи талаптарға сай қайта жасақталған аумақта тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне, серуендеуіне барлық жағдай жасалған. Яғни, мұның барлығы тек халық игілігі үшін жасалып жатқан игі бастамалар деп білемін. Дана халқымыздың «Ырыс алды ынтымақ» деген аталы сөзі бар. Халықтың ынтымағы, татулығы, бір-біріне деген құрметі – ел өркендеуінің кепілі.

Жанар, қала тұрғыны:
– Қала тұрғындары мен қонақтарының ыңғайлылығы үшін «Арбаттағы» сауда орындарының қасбеті жаңартылып, жинақы кейіпке енді. Заманауи үлгіде әрленген дүкендер қаланың сәулеттік бейнесін айшықтай түсті. Емін-еркін өтіп, тынығып алуға да мүмкіндік бар. Бұл аймақ тек сауда жасау орталығы ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың жайлы жүріп-тұруына арналған кеңістікке айналып отыр. Өте қуаныштымыз!

Нұрлан, қала тұрғыны:
– Осы жақтың жергілікті тұрғыны болғандықтан, қала жайлы жақсы білемін деп айтуға болады. Бұрынғы Талдықорған мен қазіргі Талдықорғанды салыстыруға мүлде келмейді. Үрдіс өте керемет. Қаланың келбеті өзгерді. Көптеген нысандар, кәсіпорындар, сауда орындары салынды. Міне, халық көп шоғырланатын «Арбат» жаңаша абаттандырылып, тұрғындар демалатын аймаққа айналды. Шаһарымыз қай жағынан болсын түрлене түскен, замана талабына сай түлегенін аңғаруға болады. Ендігі кезекте осы аймақтың тұрғыны ретінде әрқайсымыз тазалыққа мән беріп, әсемдігін сақтап қалсақ деп өтінішімді жеткізім келеді.

май, тазалықты қадағалап, ортақ игілікке ұқыпты қарағаны дұрыс екенін айтуда. Сондай-ақ, тәртіпке бағыну әр азаматтың басты міндеті екені атап өтілді. Мұнда тұрғындарға тыныш әрі жайлы демалыс үшін бар жағдай жасалғанын, ал, оны сақтау баршаның ортақ жауапкершілігі екенін жеткізді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА.
Фото авторы Олжас ҚҰРМАШЕВ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Семей ядролық полигонындағы 42 жыл ішінде, яғни халықтың зұлмат апаттан зардап шегуіне тосқауыл қоюға дейінгі аралықта қаншама мыңдаған азаматтардың өміріне қауіп төніп, денсаулығына зиян келді. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуді парыз санаған өрімдей жас жігіттердің де талай легі әскери қызметін бұйрыққа сай полигон аумағында өткізіп, денсаулықтарынан айырылды. Бүгінде ортамыздан табылып жүрген Семей ядролық сынақ полигоны ұйымының мүшелері саналы ғұмырларын туған жерлерін өркендетуге, өнімді еңбек етуге жұмсап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруден еш жалыққан емес.

«Талдықорған» газеті оқырмандарын ардагерлермен таныстыруды одан әрі жалғастырады.

Талдықорған қаласының тұрғыны Алпан Бегарысов 1957 жылы 18 желтоқсанда Алакөл ауданы, Жайпақ ауылында туылған. Ол 1963-1974 жылдар аралығында М.Төлебаев атындағы орта мектебінен білім алды. Араға бір жыл салып, азаматтық міндетін атқару үшін әскер қатарына қабылданады. Өскемен қаласындағы аузынан ажал шашып тұрған ядролық сынақ алаңындағы бөлімшеде өткізген екі жыл ішінде әріптестерімен тіл табысып, әскери өмірдің қыр-сырына тез төселіп кетті. Отан алдындағы борышын адал атқарып, туған жерге оралысымен, 1977 жылы Талғардағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумында колхоз және совхоз шаруашылығын ұйымдастырушы мамандығы бойынша оқуға түсті. Оны 1980 жылы «Техник-механик-ұйымдастырушы» дәрежесінде игеріп шықты. Алған білімін еңбекпен ұштастыруды ойлаған Алпан Мұхаметжанұлы 1974-1995 жылдар аралығында совхозда тракторшы, токарь қызметінде, 1995 жылдан бастап 2020 жылға дейін «Нұрлан» шаруа қожалығында тракторшы болып қызмет атқарды. 2020 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін жүрген ортасында кәсіби біліктілігімен мол тәжірибесін іскерлік қабілетімен таныта білді. Адамгершілігі мол, абыройлы азамат. Жұбайы екеуі отбасында үш перзент тәрбиелеп отыр. Бос уақытында рухани байлығын арттырар әдеби кітаптарды оқығанды ұнатады.

Алпан БЕГАРЫСОВ:

«Полигон аймағында азаматтық борышымды өтеген кезім әлі есімде. Сынақ дүмпуін сезініп екі жылымызды өткердік. Қазіргі таңда ағайын-туыс, отбасымның ортасында еңбегімнің зейнетін көріп жақсы өмір сүріп жатырмын. Бүгінгі жастарға айтарым, адам жаратылған соң, еліңнің қамын жеп, Отаның үшін отқа түсуден қорықпау керек. Әскер қатарында қызмет

етуді әр жас өзіне мақсат етіп қоя білгені абзал. Бейбіт заманның болашағын құратын, оған қызмет



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Ол жолдармен талдықорғандықтардың үлкен-кішісі күні-түні ағылып, бірі жұмысқа асықса, енді бірі мектепке, балабақшаға бара жатады. Тал көлеңкелеріне арнайы қойылған сәкілерге бір мезгіл дамылдап отыру үшін зейнеткерлер, студенттер жиі келеді. Әсіресе, жаздың аптап ыстығында көпқабатты тұрғын үйлерден қашып, таза ауамен тыныстауға асығатындар көп-ақ.

«Адам аласы-ішінде» демекші, әдемі киініп алған азаматтардың арасында да жеген тамақтарының қалдықтарын немесе пайдаланған тәттілерінің орамқағаздарын дәл жандарында тұрған арнайы жәшіктерге тастағанды қиынсынып, отырған жеріне лақтыра салаттындар бар. Олар қоғамдық орынның мәдениетіне нұқсан келтіріп жатқандарын бір сәтке де ойламайды. Бірақ, таза жерде жүргенді, таза жерде отырғанды жандары қалайтыны сөзсіз. Осындай олқылықтарды кейіпкеріміз Сәуле сынды қаншама адам түзетіп, аяқтарынан тік тұрып қызмет жасап жүр.

Сәуле ЕСІМЖАНҚЫЗЫ, тазалықшы:

– Таңмен таласа жұмысқа асығып келемін. Себебі, маған бекітіліп берген аумақтың тазалығы қала тынысы үшін маңызды деп ойлаймын. Ертелі-кеш тал-теректермен көмкеріліп, өрнектастармен өрілген

АҒА ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕГЕСІ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ

Елімізде ядролық сынақ алаңындағы соңғы жарылыс 1989 жылдың 19 қазанында тіркелді. 1991 жылдың 29 тамызында Семей полигоны толығымен жабылып, оның базасында Курчатова қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.



етіп, мемлекетімізді өркендетер ұл-қыздарымыздың қатары көбейе берсін. Қазақстан Республикасы өзге мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең, тұғыры мықты ел. Осы еліміздің көк аспанын бұлт шалмай, Туымыз биіктен желбіресін!».

1953 жылдың 15 тамызында Қытай Халық Республикасында дүниеге келген Көлдейбаев Жұмабай Қасенұлы тоғыз жасында ата-анасының ұйғаруымен отбасымен бірге Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылына көшіп келеді. Он жылдық білімді осы ауылдағы орта мектеп қабырғасынан игеріп, 1972 жылы әскер қатарына шақырылады.



Арасан қой совхозында шопан болып еңбек еттім. Бұл жылдар мен үшін тек мал бағу ғана емес, ауыл шаруашылығына адал қызмет ету, еңбекқорлық пен тәзімділіктің мектебі болды.

1977 жылы өмірімдегі ең маңызды қадамдардың бірі – Такиева Мәликемен отбасын құрдым. Сол

Жұмабай КӨЛДЕЙБАЕВ:

«Әскери борышымды Семей облысының Курчатова қаласы полигон аумағындағы №11852 әскери бөлімшеде атқардым. Ол кезде жастықтың әсері ме, кім білсін радиация әсерін қатты сезбедім. Денсаулығым сыр бермеді. Бір жылдан соң әскери қызметімді Ресей Федерациясының Мурманск қаласында жалғастырдым. Елге оралған соң 1975 жылдан бастап 1998 жылға дейін

Әсіресе әскери техникаларға қызығушылығы арта түсті. Ауылына оралысымен еңбекке бірден араласып, техниканың түр-түрін жүргізді. Тұрақтылықты жаны сүйеді. 1979-1983 жылдары алдымен Панфилов ауданындағы «УМС» жеке шаруа қожалығында, араға төрт жыл салып ПМК «Панфиловский хозстрой» жеке шаруашылығында тракторшы болып қызмет атқарды. Еш қиындыққа мойымай, өмір жолында кездескен тосқауылдардан тоқтамай өте білді.



Абдуришит ҚАДЫРОВ:

«1986 жылы Киров колхозына слесарь болып қабылдандым. Осы мекемеден зейнетке шығып, ауылдастарымның ортасында жастар тәрбиесіне өзіндік үлесімді қосып келемін.

Жұбайым Аемуслива Ада-лятбуви екеуіміз Гульзарам, Гульниса, Гульзана есімді қыздарымыздың қуанышы мен құрметіне бөленіп отырмыз», - дейді ол.

Әскери антына адал болып, батылдық танытқан барша ардагерлердің жанқиярлық қажырлы еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оларға айтар алғысымыз шексіз.

Денсаулығын тәуекелге тігіп, өздерінің әскери парыздарын орындаған Полигон ардагерлерінің қаншасы радиация салдарынан өмірден ертерек озып та кетті. Сынақ алаңында болып, сынбаған ерлердің есімдері ел есінде мәңгіге қала бермек.

жан. Еңбекақымыз уақытында беріледі. Тазалыққа қажетті киімдерді, құралдарды жауапты мекеме беріп отыр. Дегенмен, барша қазақстандықтар сияқты менің де басымда несие бар. Зейнетақым мен алатын жалақымының жартысы сол несиеді жабуға кетеді. Қиналған кезде амалсыз алған едім. «Жұмысшы мамандықтарының жылында» жұмысшыларға несие өтеуде банктер жеңілдік берсе жақсы болар еді. Азық-түлік бағасы да қымбаттап барады».

Иә, Сәулемен қатар еңбек етіп жатқан қара жұмыстың белсенділері қаламыздың тазалығын сақтап, әр адамға, айналасына көңіл шуағын сыйлап келеді. Өкініштісі, атқарылған еңбектің қадіріне бірде жетсек, бірде жетпейміз. Мемлекет басшысының өзі бастама көтеріп, «Таза Қазақстан» жобасы қолға алынып, қыруар іс тындырылды. Әр адам отбасында, жүрген ортасында тазалыққа үндеп отырса, өзгенің еңбегін бағалауға үйренсе, өскелең ұрпақ ауланың, көшенің тазалығына өзі де жауапты екенін сезінсе нұр үстіне нұр болар еді. Жоқ, әлде «аюға намаз үйреткен-таяқ» демекші, камералар орнатып, тәртіп бұзғандарды айыппұлмен жазалап отырған дұрыс па? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Бетті әзірлеген –
Гүлжанат НҰРШАНОВА

ТАЗАЛЫҚ – САНАДАН

Қаламыздың қым-қуым тіршілігіне араласып жүріп, кейде айналамызда қандай адамдардың жүргеніне назар аударма бермейміз. Талдықорған қаласының тұрғыны Сәуле Есімжанқызы қаламыздың тазалығына үлес қосып жүрген жандардың бірі. Таңғы сағат 8-ден кешкі 6-ға дейін өзіне тиесілі аумақты тазалаудан танбай жұмыс істейді.

жолмен жүретін адамдар ағыны толастаған емес. Өзім Талдықорғанға осыдан он екі жыл бұрын қоныс аудардым. Отағасы қайтыс болып, екі баламның қамымен көшуге тура келді. Негізгі мамандығым-кітапханашы. Алайда, осы қаладағы жүйке аурулары диспансерінде буфетші қызметін атқарып, зейнеткерлікке шықтым. Жекеменшік фирманың құрамында екі жыл болды қаланың тазалығына үлесімді қосып келемін. Басшымыз адамгершілігі мол



ВОЗДЕЙСТВИЕ ЭЛЕКТРОМАГНИТОВ НА ЧЕЛОВЕКА

В современном мире человек окружен электромагнитными полями практически повсюду — от мобильных телефонов до бытовой техники, от линий электропередач до Wi-Fi. Но что мы на самом деле знаем о воздействии электромагнитов на здоровье человека?

ЧТО ТАКОЕ ЭЛЕКТРОМАГНИТЫ?

Электромагнит — это устройство, создающее магнитное поле при прохождении электрического тока. Оно применяется в медицине, промышленности, транспорте и даже в быту. Однако всё чаще люди задаются вопросом: вредны ли они для организма?

КАК ЭЛЕКТРОМАГНИТНЫЕ ПОЛЯ ВОЗДЕЙСТВУЮТ НА ЧЕЛОВЕКА?

Исследования показывают, что влияние электромагнитного поля (ЭМП) зависит от:

- ▲ Мощности источника поля;
- ▲ Времени воздействия;
- ▲ Расстояния от источника;
- ▲ Чувствительности организма;
- ▲ Слабые ЭМП, как правило, не оказывают ощутимого вреда. Но при длительном и сильном воздействии возможны некоторые риски.

ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ:

- ▲ Бессонница и головные боли;
- ▲ Люди, находящиеся долго рядом с источниками ЭМП, могут жаловаться на нарушение сна, раздражительность, снижение концентрации;
- ▲ Нарушение работы нервной системы;
- ▲ Риск онкологических заболеваний.

КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ?

1. Не держать гаджеты рядом с телом на ночь.
2. Ограничивать время возле мощных источников ЭМП.

3. Использовать гарнитуру при звонках.
 4. Не размещать Wi-Fi-роутер возле спального места.
- Электромагниты — это часть нашей повседневной жизни. При умеренном и контролируемом воздействии они не представляют опасности. Но стоит быть осознанным: как и всё в мире, электромагнитное поле требует баланса. Важно соблюдать элементарную гигиену пользования техникой и прислушиваться к своему организму.

РГУ «Талдыкорганское городское
управление санитарно-
эпидемиологического контроля»

КАЛЕНДАРЬ ВАКЦИНАЦИИ ДЕТЕЙ ПО ВОЗРАСТАМ

Вакцинация — важнейший элемент профилактики инфекционных заболеваний у детей. Национальные календари прививок позволяют формировать иммунитет в оптимальные сроки, когда организм ребёнка способен наиболее эффективно ответить на введение вакцины.

ПЕРВЫЙ ГОД ЖИЗНИ:

- ▲ 0–4 дня — вакцинация против гепатита В (первая доза).
- ▲ 3–7 день — вакцинация БЦЖ для профилактики туберкулёза.
- ▲ 1 месяц — вторая доза гепатита В.
- ▲ 2 месяца — комплексная вакцинация: АКДС (дифтерия, коклюш, столбняк), полиомиелит, гемофильная инфекция, пневмококковая инфекция.
- ▲ 3 месяца — повтор АКДС, полиомиелит, гемофильная инфекция.
- ▲ 4 месяца — повтор вакцинации против пневмококка.
- ▲ 6 месяцев — третья доза гепатита В, АКДС, полиомиелит.

ВТОРОЙ ГОД ЖИЗНИ:

- ▲ 12 месяцев — вакцинация против кори, паротита, краснухи (КПК), ревакцинация пневмококка, ветряная оспа (при наличии в календаре).
- ▲ 15–18 месяцев — ревакцинация АКДС и полиомиелита.

ДОШКОЛЬНЫЙ ВОЗРАСТ (3–6 ЛЕТ):

- ▲ 6 лет — ревакцинация КПК.

ШКОЛЬНЫЙ ВОЗРАСТ:

- ▲ 7 лет — ревакцинация БЦЖ, АКДС (без коклюшного компонента — АДС-М).
- ▲ 12 лет — вакцинация против гепатита В (при пропусках).

- ▲ 14 лет — ревакцинация полиомиелита, АДС-М.

ПОДРОСТКОВЫЙ ВОЗРАСТ:

- ▲ 16–18 лет — повторная АДС-М.

ОСОБЕННОСТИ:

В некоторых случаях календарь может быть скорректирован врачом: при наличии медицинских отводов, хронических заболеваний или перенесённых инфекций. Также могут быть добавлены прививки от ротавируса, менингококковой инфекции, гепатита А и других заболеваний в зависимости от региона и эпидемиологической ситуации.

Соблюдение календаря вакцинации обеспечивает защиту от большинства опасных инфекций и является важной частью заботы о здоровье ребёнка на протяжении всего детства.

Д.КАСАБАЕВА,
педиатр, поликлиника г. Талдыкорган,
Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ,
Г.БАЙЕКЕЕВА, ЦСЗ п. Байкент Нова Инвест

ПЕДИАТР И МЕДИЦИНСКАЯ СЕСТРА: ПРОФИЛАКТИКА ЗАБОЛЕВАНИЙ И ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ

В школьной среде медицинская сестра и врач-педиатр играют ключевую роль в обеспечении здоровья и безопасности учащихся. Их совместная работа направлена не только на лечение возникающих заболеваний, но и на предупреждение их появления. Основная задача — создать условия, при которых дети смогут учиться и развиваться без риска для здоровья.

Профилактическая работа начинается с регулярных осмотров, которые помогают выявить нарушения зрения, слуха, осанки, а также признаки хронических заболеваний на ранних стадиях. Медсестра организует график этих осмотров, ведёт медицинские карты учащихся, а педиатр оценивает результаты и назначает необходимые меры.

Большое значение имеет санитарно-просветительная деятельность: беседы о гигиене, правильном питании, режиме сна, профилактике инфекционных заболеваний. Особенно актуально это в период сезонных эпидемий, когда необходимо своевременно информировать детей и родителей о мерах защиты.



Важная часть работы — контроль за условиями в школе: чистота помещений, соблюдение санитарных норм в столовой, организация физической активности на переменах и уроках физкультуры. Медсестра также должна оперативно реагировать на травмы и неотложные состояния, а педиатр — обеспечивать клиническое сопровождение ребёнка.

Слаженное взаимодействие школьной медсестры и педиатра — это гарантия, что здоровье учащихся находится под постоянным контролем, а риск развития серьёзных заболеваний снижен. Профилактика в школьной медицине — это инвестиция в будущее здоровья детей и общества в целом.

Д.КАСАБАЕВА,
педиатр, поликлиника г. Талдыкорган,
Г.АХМЕТОВА,
Панфиловская ЦРБ,
Г.БАЙЕКЕЕВА,
ЦСЗ п. Байкент Нова Инвест

РАБОТА МЕДСЕСТРЫ ПРОЦЕДУРНОГО И ДЕТСКОГО ГЛАЗНОГО КАБИНЕТА

Медсестра процедурного кабинета и медсестра детского глазного кабинета выполняют разные по направленности, но одинаково важные функции в системе здравоохранения. Их объединяет высокая ответственность, знание медицинских технологий и строгое соблюдение санитарных норм.

В процедурном кабинете основная задача медсестры — проведение медицинских манипуляций: инъекций, капельниц, забора анализов, перевязок. Она подготавливает инструменты и медикаменты, проверяет назначения врача, учитывает индивидуальные особенности пациента, включая возможные аллергические реакции. После процедур медсестра наблюдает за состоянием пациента и фиксирует результаты в медицинской документации.

В детском глазном кабинете медсестра работает в узком направлении — офтальмологии у детей. Она помогает врачу-офтальмологу в диагностике и лечении заболеваний органов зрения, готовит оборудование, заготавливает лекарственные препараты, накладывает повязки, ассистирует при обследованиях. Особая часть её работы — профилактика: проведение скринингов зрения у школьников, просветительские беседы с родителями и детьми о правильной гигиене глаз.

Обе должности требуют внимательности, аккуратности и умения находить контакт с пациентом. В процедурном кабинете важна скорость и чёткая техника выполнения манипуляций, в глазном кабинете — умение работать с детьми, снижать их тревожность и заинтересовать в прохождении обследования. Несмотря на разницу в специализации, обе медсестры играют ключевую роль в оказании качественной и безопасной медицинской помощи.

Н.МЕДЕТБЕКОВА, поликлиника г. Талдыкорган,
Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ,
С.ЕСИМБЕКОВА, Коксуская ЦРБ

ВАКЦИНАЦИЯ ДЕТЕЙ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА: ЗНАЧЕНИЕ И ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ

Вакцинация — один из самых эффективных методов профилактики инфекционных заболеваний у детей школьного возраста. Она не только защищает конкретного ребёнка, но и формирует коллективный иммунитет, снижая риск массового распространения болезней в школьной среде.

ЗНАЧЕНИЕ ВАКЦИНАЦИИ:

Школьники ежедневно контактируют с большим количеством людей, что повышает вероятность передачи инфекций. Своевременные прививки предотвращают такие заболевания, как корь, дифтерия, полиомиелит, коклюш, гепатит В, паротит и др. Вакцинированные дети переносят болезни легче или вовсе не болевают.

ЭТАПЫ ПОДГОТОВКИ:

Перед вакцинацией проводится медицинский осмотр, оценивается общее состояние ребёнка, измеряется температура, уточняется наличие хронических заболеваний и аллергий. Анализируется прививочная карта для определения необходимых вакцин и соблюдения календаря прививок.

ПРОЦЕСС ВАКЦИНАЦИИ:

Прививки могут проводиться индивидуально или в рамках школьных прививочных дней. Врач или медсестра подбирают дозу и способ введения препарата в соответствии с инструкцией (подкожно, внутримышечно, внутривенно). Важным моментом является создание психологически комфортной обстановки, особенно для детей, которые боятся уколов.

ПОСЛЕ ВАКЦИНАЦИИ:

В течение 20–30 минут ребёнок находится под наблюдением для своевременного выявления острых реакций. Родителям и ребёнку дают рекомендации по поведению в первые дни после прививки: избегать перегрева, чрезмерных физических нагрузок, внимательно следить за самочувствием.

ДОКУМЕНТИРОВАНИЕ:


Каждая прививка фиксируется в медицинской документации с указанием даты, названия вакцины, серии, дозы и места введения. Это важно для формирования полной прививочной истории и планирования последующих иммунизаций.

Таким образом, вакцинация школьников — это скоординированный процесс, требующий участия медицинских специалистов, грамотной подготовки и информирования родителей. От качества проведения прививочной кампании зависит здоровье детей и эпидемиологическая безопасность школьного коллектива.

Д.КАСАБАЕВА, педиатр, поликлиника г. Талдыкорган,
Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ,
С.ЕСИМБЕКОВА, Коксуская ЦРБ

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ДЕТАМ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ МЕДИЦИНСКИХ ПРОЦЕДУР

Проведение медицинских манипуляций у детей требует не только профессиональных навыков, но и особого психологического подхода. От того, насколько грамотно медицинский работник установит контакт с маленьким пациентом, зависит не только успешность процедуры, но и формирование доверия к медицине в целом.



1. УСТАНОВЛЕНИЕ КОНТАКТА С РЕБЁНКОМ.

Перед началом процедуры важно представиться, назвать своё имя и кратко объяснить, что предстоит сделать. Необходимо говорить простыми и понятными словами, избегая медицинских терминов, которые могут напугать.

2. УЧЕТ ВОЗРАСТА И ОСОБЕННОСТЕЙ РАЗВИТИЯ

▲ Дети до 3 лет — реагируют на интонацию и мимику, важно сохранять спокойный и доброжелательный тон.

▲ Дошкольники — нуждаются в коротком и честном объяснении, можно использовать игровые приемы.

▲ Младшие школьники — уже способны понять необходимость процедуры, важно отвечать на их вопросы.

▲ Подростки — требуют уважительного отношения и подробных объяснений, чтобы сохранить чувство взрослости.

3. ИГРОВЫЕ И ОТВЛЕКАЮЩИЕ МЕТОДЫ.

Использование игрушек, сказок, мультфильмов или «магических» историй помогает отвлечь ребенка и снизить уровень тревоги.

4. ВОВЛЕЧЕНИЕ РОДИТЕЛЕЙ.

Присутствие близкого человека значительно снижает стресс у ребенка. Родителям можно дать роль помощника — держать за руку, отвлекать разговором.

5. ЧЕСТНОСТЬ И ДОВЕРИЕ.

Нельзя обещать, что процедура будет «совсем безболезненной», если это не так. Лучше сказать, что неприятные ощущения будут короткими, и сразу подчеркнуть пользу для здоровья.

6. ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА.

После процедуры ребенка нужно похвалить за смелость, при желании — дать маленький приз (наклейка, конфетка, значок). Это закрепит положительное восприятие медицинских визитов.

ВЫВОД:

Психологический подход в педиатрической практике — это сочетание уважения, честности и умения снизить тревожность у ребёнка. Грамотное общение помогает не только безболезненно провести процедуру, но и сформировать у ребенка доверие к медицинскому персоналу на будущее.

Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ,
Д.КАСАБАЕВА, педиатр,
поликлиника г. Талдыкорган,
Н.МЕДЕТБЕКОВА, поликлиника г. Талдыкорган



АТА ЗАҢ – АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ!

Тәуелсіздік – ата-баба арманы, Алты Алаштың мақтан тұтқар айбары – демекші

биыл біздің Отанымыз – егеменді, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ата Заңына 30 жыл толып отыр. Бұл жыл ерекше қастерлі жыл болып тарихтан өз орнын алады. Сан ғасырлардан бері ата-бабамыз армандаған Ата Заңымызға қол жеткізіп, өшкеніміз жанды. Абылай хан, Тәуке хан, Әбілхайыр қай ханды алсақ та бауырмал қазақ елінің көк байрағын көкте желбіретіп, Тәуелсіз ел қылуға бар күшін салды. Сол кездерде арман болған күндерге біздің қолымыз жетті. Біз бақытты ұрпақпыз. Ата Заңымызды қабылдап, Тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыздың қайтпас қайсарлығы деп білеміз.

1995 жылы 30 тамызда Тәуелсіз еліміздің Ата Заңы қабылданған – ұмытылмас күндердің бірі екені айдан анық. Мемлекетіміздің Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы «Азат елдің ар-намысындай болған Ата Заңымыз қазақтың ұлан-байтақ даласының кеңдігін де, елінің ерлігі мен ерлігін де бойына сиғызған құдірет. Ата Заң Тәуелсіздігіміздің тірегі, егемен еліміздің жүрегі, мемлекетіміздің темір қазығы» деп көрсетуінде терең мән жатыр.

30 жылдың ішінде еліміз өз Тәуелсіздігін орнықтырып қана қоймай одан әрі нығайтып, әлем таныған мемлекетке айналды. Қазақстанның жүзеге асырған экономикалық, әлеуметтік, саяси қайта құрулары мен қол жеткен жетістіктері түгелдей Конституциямызбен тығыз байланысты екені күмәнсіз.

Текелі қаласы Моноқалалардың тізіміне іліккен қалалардың бірі. Моноқалаларды дамыту бағдарламасының аясында қаламыздың дамуымен бірге, өніп-өркендеп, гүлдене түсті.

30 жылдың ішінде Текелі қаласында да атап айтарлықтай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Оның ең басты датасы – Жетісу жерінің алтын тәжі іспетті кеншілер қаласы Текелінің 70 жылдық мерейтойы тойланды. Қала әкімі айпақшы, «Текелі – тірлігі қайнаған, тұрғындары екі қолға бір күрек тауып, қарекетсіз отырмайтын еңбекқор жандардың қаласы. Мұндағы тұрғындардың әрқайсысы «Текелі – менің қалам!» деп мақтанышпен айта алады. Қаламыздың күн санап өзгеріп, көркейіп келе жатқаны баршамызға аян. Моноқалаларды дамыту бағдарламасына Алматы облысынан енген бірден-бір қала – Текелі. 70 жылдық асу – жаңа жетістіктер мен табыстарға бастайтын кемел

келешегіміздің алғашқы қадамы.

Архив саласындағы қайта ұйымдастырулардың жаңа кезеңі КСРО-ның күйреуінің нәтижесінде Қазақстан Тәуелсіздік алған өткен жүзжылдықтың 90-жылдары болды. Соның нәтижесінде 1999 жылдың қаңтар айында жеке құрам бойынша аудандық архивтер Алматы облысының филиалдары болып қайта құрылып, 2022 жылы Алматы облысынан Жетісу облысы болып екіге бөлінді.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Текелі филиалы 1987 жылдың 1 қаңтарында құрылған.

Филиал құжаттары дәрістер, семинарлар-кеңестер, көрмелер және экскурсияларды өткізгенде қолданылады, олар сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-құқықтық және басқа сұраныстарын орындау, архивтік анықтамалар, куәландырылған көшірмелерді және құжаттардан үзінділерді беру үшін де құжаттық дереккез болып табылады.

Текелі филиалының жетістіктері:

«Үздік филиал-2011», «Үздік мұрағатшы-2011», «Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архив туралы Заңының 15 жылдығы», «Қазақстан Республикасының 20 жылдығы» байқауларында марапатқа ие болды.

Бүгінгі таңда архив құжаттарының жалпы көлемі 1938-2023 жылдарды қамтиды, 110 қорға біріктірілген, 20473 сақтау бірлігінен (істерден) тұрады. Филиалдың толықтыру көздеріне 17 мекеме кіреді. Қала тарихы туралы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету филиал қызметкерлерінің басты мақсаты.

Конституция күні қарсаңында жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелейтін осындай жетістіктерімізді еске алу және жоспарларды жұртшылыққа жеткізу - әр азаматтың парызы. Ең бастысы, Қазақстан мемлекетігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берген Конституция, Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр.

Әрбір Қазақстандық Ата Заңымызды сыйлап, құрметтей білсе, сол игі.

Қолданылған әдебиеттер:

- *Текелі қаласының 60 жылдығына арналған «Текелі – құтты мекенім» кітабы Алматы «Золотая Книга» Редакциясы - 2012 ж.;*
- *01.01.2025 ж. арналған Филиал паспорты;*
- *«Алматы облысының мұрағат мекемелері» кітабы, Алматы 2002 ж.*

Ж. ДЖУМАДИЛОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
КММ Текелі филиалының архивисті



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ТАҒЛЫМ

«Ақыл, қайрат, жүректі бірге ұста, Сонда толық боласың елден бөлек»,- деп, адам бойындағы ақыл, сезім, қайрат бір-бірімен бірлікте толық сәйкес, үндес келуі керек, сонда халқыңа керекті азамат боласың, өзің де өмірдің мәнін ұғасың дей келіп, 17 ғақлияда өз пікірін толық дәлелдейді. Халықтың тәрбиесіне ұлы ақын ізгену жолында өзінің маңызы зор еңбектерімен үлесін қосқан, ол адам әрқашан еңбек үстінде болуы керек деген.Өзінің ақылына, өнеріне, оқуына өріс беріп, жетілдіруге жол ашып отыруы тиіс. Ұзақ уақыт бұл қасиеттер қозғалмай тұрып қалса, онда олардың жоғалып кетуі ықтимал, оны адамның өзі де байқамай қалады. Жан қуатымен адамның тапқан өнерлерінде күнде тексерсең іске асады. Көп заман тексермесең тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзінің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың... (43 сөз)

Ұлы ақынның осы тұжырымы гаджетке, әлеуметтік желіге тәуелді заманда ата-анамызға биіктен қарап, олардан ақылды болып көрініп, ғасырлар бойы қалыптастырған тәрбиелік жүйемізден айырылып бара жатқандаймыз. Мейірімсіз болу белең алды. Халықтан биік ешкім жоқ, сондықтан төл тәрбиемізді саналы түрде іске асырсақ білім де, зиялылық та, әсемдік те, ұят та өз қалпында болып дүние жүзінің мәдениет деген көшінен қалмас едік.

Абай құдыреті, халық құдыретімен үндес екенін осындай ойынан көреміз.

Адам... дүниеде ешбір қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген, сол мақсат жолында күреске шыққан кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып қалады. Бәрін көру, білу, түсінбекке, үйренбекке ұмтылу-адам жанының ерекше сипаты.

Мен ішпеген у бар ма? деп ақын тегін айтпаған, болашақ жастардың қамын жей айтқан, сөз ұғатын, сөзге тоқтайтын жастар болса, ғибрат деген осы.

Халқының қасиетін жанымен ұққан, сөз бастауынан қанып ішкен ақын жүрегі елім деп соққандықтан Пайда ойлама, ар ойла, деп, өз заманындағыларға да, кейінгі ұрпаққа да ой тастаған.



Абайдың тағлымы, биік парасаты аласармақ емес, ондағы ой халық тағлымымен ұштасып жатады...Уақыт өткен сайын жайнап жаңа дәуірдің ақылшысы да болады. Абай мұраларын қолына алып оқып, өмір сүрудің жолын көріп, мақсатын таразылаған біздің Мағжан ізбасарлары мен мұғалімдеріміз заманына лайық. Мәдениеті биік ел бірлігін сақтайды.

Абай шығармаларының кең болуы ақын сусындаған мол бұлақтың негізгі қайнар көзі, тірегі халық тағылымы болғандығында.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«М.Жұмабаев атындағы
№19 орта мектеп гимназиясы МДШО»КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында жеке құраммен кездесу өткізілді.



Шара барысында әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына енгізілген өзгерістер жан-жақты түсіндірілді.

Кездесудің мақсаты – шекарашыларды тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамалық түзетулермен таныстыру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және әлеуметтік қолдау жөнінде толыққанды ақпарат беру. Мұндай түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын тауып, әскери қызметшілердің әлеуметтік құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелі шаралардың бір бөлігі ретінде жүзеге асырылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті



▲ Жүктілік және босану бойынша жәрдемақыны рәсімдеу әрбір болашақ ана үшін маңызды кезең. «Трансформация» айдарында цифрландырудың арқасында бұл жәрдемақыны рәсімдеу процесі қаншалықты оңтайландырылғаны туралы айтамыз.

Оформление пособия по беременности и родам – важный этап для каждой будущей мамы. В рубрике «Трансформация» расскажем, как упростился процесс оформления пособий по беременности и родам благодаря цифровизации.

▲ Бұрын бұл ұзақ және күрделі процесс болған. Жәрдемақыны рәсімдеу үшін көптеген анықтамалар жинап, түрлі мемлекеттік органдарға бару керек еді.

Қазір бұл қызметті ХҚКО, электронды үкімет порталы арқылы және проактивті түрде алуға болады.

Ранее этот процесс был сложным и долгим. Для того, чтобы оформить выплату, нужно было собрать множество справок, посетить различные госорганы.

Сейчас эту услугу можно получить через ЦОНЫ, портал электронного правительства или проактивно.

▼ **БҰРЫН**

Жәрдемақы алу үшін келесі құжаттарды ұсыну керек болатын:

1. Жеке куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі;
2. Мекенжай анықтамасы;
3. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы;
4. Соңғы 12 күнтізбелік айдағы кірістер туралы жұмыс орнынан анықтама;
5. Банк шотының нөмірі туралы мәліметтер;
6. Декреттік демалыс туралы бұйрықтың көшірмесі;
7. Неке қию туралы куәлік болса, оның көшірмесі және өзге де құжаттар.

▼ **ҚАЗІР**

ХҚКО арқылы әлеуметтік төлемді рәсімдеу үшін:

1. Жеке басын сәйкестендіру үшін цифрлық жеке куәлік;
2. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы.

* Кейбір жағдайларда қосымша құжаттар қажет болуы мүмкін.

▼ **БЫЛО**

Для того, чтобы оформить пособие, необходимо было предоставить следующий перечень документов:

1. Оригинал и копия удостоверения личности;
2. Адресная справка;
3. Лист временной нетрудоспособности;
4. Справка с места работы о доходах за последние 12 календарных месяцев;
5. Сведения о номере банковского счета;
6. Копия приказа об отпуске по беременности и родам;
7. Копия свидетельства о заключении брака (при наличии) и другие документы.

▼ **СТАЛО**

Для оформления социальной выплаты через ЦОН понадобятся:

1. Цифровое удостоверение личности для идентификации личности;
2. Лист временной нетрудоспособности.

* В отдельных случаях могут потребоваться дополнительные документы.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №864 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.